

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің аймақтық әскери госпиталі" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 3 қазан N 1493

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери емдеу-профилактикалық мекемелері кешенін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара

қызметінің аймақтық әскери госпиталі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Аймақтық госпиталь) құрылсын.

2. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 01061 әскери бөлімінен берілген мүлікті (ғимараттарды, құрылыстарды, медициналық жабдықтарды) жедел басқару құқығымен Аймақтық госпитальге беруді;

2) Аймақтық госпиталь туралы ережені бекіту мен тіркеуді;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы 2001 жылдың 4 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК